

**Тексеру нәтижелері туралы хабарламаларға шағымдарды қарау жөніндегі
апелляциялық комиссияның құрамын және Ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 24 қыркүйектегі № 529 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 24 қыркүйекте № 36923 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 480-бабы 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 197-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес тексеру нәтижелері туралы хабарламаларға шағымдарды қарау жөніндегі апелляциялық комиссияның құрамы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес тексеру нәтижелері туралы хабарламаларға шағымдарды қарау жөніндегі апелляциялық комиссия туралы ереже бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Апелляция департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде, осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

М. Такиев

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

2025 жылғы 24 қыркүйектегі

№ 529

бұйрығына 1- қосымша

Тексеру нәтижелері туралы хабарламаларға шағымдарды қарау жөніндегі апелляциялық комиссияның құрамы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және оның ведомстволарының, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің қызметкерлерін, "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (келісім бойынша) және салалық қауымдастықтардың (келісім бойынша) өкілдерін қамтитын тексеру нәтижелері туралы хабарламаларға шағымдарды қарау жөніндегі апелляциялық комиссияның (бұдан әрі – апелляциялық комиссия) құрамына кемінде 9 (тоғыз) адам кіреді:

Апелляциялық комиссияның төрағасы;

апелляциялық комиссияның мүшелері кемінде 8 (сегіз) адам санында.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 529
бұйрығына 2 қосымша

Тексеру нәтижелері туралы хабарламаларға шағымдарды қарау жөніндегі апелляциялық комиссия туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тексеру нәтижелері туралы хабарламаларға шағымдарды қарау жөніндегі апелляциялық комиссия туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кедендік реттеу туралы кодекс) 480-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 197-бабы 1-тармағына сәйкес әзірленді және Тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымдарды қарау жөніндегі апелляциялық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қызметін жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, 2009 жылғы 27 қарашадағы Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартты, Кедендік реттеу туралы кодексті, Салық кодексін, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін және өзге де құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Осы Ереженің мақсаты салықтық және кедендік тексерулер нәтижелері туралы хабарламаларға шағымдарды қарау болып табылады.

4. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) жұмыс органы – Комиссия жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ететін уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі;

2) өтініш беруші – шағым берген салық төлеуші (салық агенті) және (немесе) декларант не кеден ісі саласында қызметін жүзеге асыратын адам;

3) уәкілетті орган – салықтардың, кедендік және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

4) уәкілетті органның ведомствосы – салықтардың, кедендік және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ететін уәкілетті органның ведомствосы;

5) шағым – өтініш берушінің уәкілетті органға берген тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымы, сондай-ақ оған қосымша (қосымшалар).

5. Комиссия құрамына Комиссия төрағасы, сондай-ақ сегіз адамнан тұратын Комиссия мүшелері кіреді.

2-тарау. Комиссия жұмысын ұйымдастыру

6. Уәкілетті органға келіп түскен шағым жұмыс органына жіберіледі.

7. Жұмыс органы Комиссия мүшелеріне:

1) тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағым түскен кезде – шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде:

шағымдардың және оларға қосымшалардың (бар болған жағдайда);

салықтық тексеру актісінің және (немесе) көшпелі кедендік тексеру актісінің және (немесе) оларға қосымшаларымен камералдық кедендік тексеру актісінің (бар болған жағдайда);

тексеру нәтижелері туралы хабарламалардың көшірмелерін;

2) тексеру нәтижелері туралы хабарламаға берілген шағымға толықтыру (толықтырулар) түскен кезде:

шағымға толықтырудың (толықтырулардың) және Комиссия мүшелерінің сұрау салулары бойынша оларға қосымшалардың (олар бар болған жағдайда) көшірмелерін – шағымға толықтыру (толықтырулар) келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

3) шағымда баяндалған мәселелер бойынша шағымды қарау шеңберінде тексеру тағайындаған кезде:

оларға қосымшалармен актінің көшірмесін (бар болған жағдайда) – жұмыс органы алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

4) Комиссияның кезекті отырысының күн тәртібін бекіткен кезде – Комиссия отырысы өткізілетін күнге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссияның кезекті отырысының күн тәртібін жібереді.

Комиссия мүшелерінің сұрау салулары бойынша жұмыс органы Комиссияның осындай мүшелеріне шағымды қарау үшін қажетті шағым берген адамға қатысты, оның

ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын құпияға жататын мәліметтерді және (немесе) ақпаратты жібереді.

Құжаттардың көрсетілген көшірмелері Комиссия мүшелерінің:

мемлекеттік органдардың қызметкерлері болып табылатындарға – мемлекеттік органдардың Интранет-порталындағы бірыңғай электрондық пошта жүйесінде;

мемлекеттік органдардың қызметкерлері болып табылмайтындарға - олар жұмыс органдарына ұсынған электрондық пошта мекенжайларына жіберіледі.

8. Жұмыс органы өтініш берушіні тыңдау рәсімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссия мүшелеріне өтініш берушінің жазбаша қарсылығының көшірмелерін және (немесе) көшпелі кедендік тексеру және (немесе) камералдық кедендік тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағым бойынша алдын ала шешімге тыңдау хаттамасын жібереді.

9. Комиссия мүшелері олардың атына жіберілген материалдарды қарайды және жұмыс органына шағымдалып отырған мәселелер бойынша негіздемелерді қоса өз ұстанымдарын, оның ішінде тақырыптық тексеру жүргізу бойынша ұсыныстарын:

мониторингке жататын ірі салық төлеушілер болып табылатын өтініш берушілердің шағымдары бойынша, – жұмыс органы материалдарды жіберген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін;

салық төлеушілердің басқа санаттарына жататын өтініш берушілердің шағымдары бойынша, – жұмыс органы материалдарды жіберген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін;

шағымға қосымша (қосымшалар) бойынша, – жұмыс органы материалдарды жіберген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде;

шағымды қарау шеңберінде тағайындалған тексеру актісі бойынша –жұмыс органы материалдарды жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

10. Өтініш берушінің жазбаша қарсылығында және (немесе) көшпелі кедендік тексеру және (немесе) камералдық кедендік тексеру нәтижелері туралы шағым бойынша алдын ала шешімге тыңдау хаттамасында шағымда бұрын көрсетілмеген дәлелдер болған кезде Комиссия мүшелері жұмыс органына жолданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей өз позицияларын жұмыс органына ұсынады.

11. Жұмыс органы шағым жасалған мәселелерді зерделейді, сондай-ақ Комиссия мүшелері ұсынған ұстанымдарды талдайды.

12. Жұмыс органы шағым жасалған мәселелерді, Комиссия мүшелерінің ұстанымдарын зерделеу негізінде Комиссия отырысына шығару үшін материалдар дайындайды.

13. Осы Ереженің 12-тармағында көрсетілген материалдар Комиссия отырысы өткізілгенге дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссия төрағасына танысу үшін ұсынылады.

14. Комиссия төрағасының келісімі бойынша жұмыс органы кезекті Комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады.

15. Комиссия отырыстары апта сайын әр бейсенбіде өткізіледі.

Егер отырысты өткізу күні мереке күніне келетін болса, онда отырыс Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес одан кейінгі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

Комиссия төрағасы қажет болған жағдайда бейнеконференцбайланыс арқылы онлайн режимінде отырыс тағайындайды, сондай-ақ отырысты өткізу күнін ауыстырады.

Бұл ретте жұмыс органы Комиссия мүшелерін отырыс күнінің ауыстырылғаны туралы хабарландырады.

16. Қосымша түсіндірмелерді қажет ететін сұрақтар туындаған кезде, отырысқа уәкілетті орган ведомствосының бейінді құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ нәтижелері шағымдалып жатқан тексеруді жүзеге асырған мемлекеттік кірістер органының өкілдері шақырылады.

17. Отырысқа жұмыс органының өкілдері қатысады.

18. Егер отырысқа Комиссия мүшелерінің барлығы қатыспаған жағдайда, мұндай отырыс кворум болған кезде және уәкілетті органның ведомствосы өкілінің міндетті қатысуы шартында заңды деп есептеледі.

Комиссия отырысын өткізу мақсатында кворум дауыс беруге құқығы бар Комиссия төрағасын қоса алғанда, Комиссия мүшелері санының кемінде жартысын құрайды.

19. Комиссия салықтық, сол сияқты кедендік тексерулер бойынша шағымдарды қараған кезде, мүшенің - уәкілетті органның ведомствосы өкілінің қатысуы міндетті шарт болып табылады.

Аталған Комиссия мүшесінің болмауы шағымдарды келесі Комиссия отырысына қарау үшін шығаруға негіз болып табылады.

Комиссия салықтық, сол сияқты кедендік тексерулер бойынша шағымдарды қараған кезде "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасынан (бұдан әрі - "Атамекен" ҰКП) тиісті бағытқа жетекшілік ететін өкілдер қатысады.

20. Шағым мәселелері бойынша Комиссияның шешімі отырысқа қатысушылардың қарапайым көпшілік даусымен ашық дауыс берумен қабылданады.

"Атамекен" ҰКП өкілдері өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша (жетекшілік ететін бағыты бойынша) дауыс береді.

Бұл ретте дауыс санау кезінде "Атамекен" ҰКП-дан 1 (бір) дауыс есепке алынады.

Дауыс беру Комиссия отырысында осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыс беру парағын толтыру арқылы жүргізіледі.

Дауыс тең болған жағдайда, Комиссия төрағасының дауыс берген шешімі қабылданды деп есептеледі.

21. Егер шағым берген өтініш беруші осындай Комиссия мүшесіне жақын туыс (ата-анасы, балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, бірге туған және бірге тұмаған аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), атасы, әжесі, немерелері), жұбайы (зайыбы) немесе жекжаты (ерлі-зайыптылардың аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары мен балалары) болып табылса, сондай-ақ егер тікелей немесе жанама мүдделілік (мүдделер қақтығысы) бар болса, онда Комиссия мүшесі шағымды қарамайды және өз ұстанымын білдірмейді, сондай-ақ дауыс беруге қатыспайды.

Комиссия мүшесі туындаған мүдделер қақтығысы немесе оның туындауы туралы өзіне белгілі болысымен Комиссия төрағасын еркін жазбаша нысанда хабардар етеді.

22. Шағым жасалған мәселелерді қарау нәтижелері бойынша Комиссия мынадай шешім түрлерін қабылдайды:

шағым жасалған тексеру нәтижелері туралы хабарлама өзгеріссіз, ал шағым қанағаттандырусыз қалдырылсын;

шағым жасалған тексеру нәтижелері туралы хабарламаның толық немесе бір бөлігінің күші жойылсын.

23. Шағымды қарау нәтижелері бойынша Комиссия қабылдаған шешімдер осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Апелляциялық комиссия отырысының хаттамасында (бұдан әрі – Хаттама) көрсетіледі.

24. Комиссия жұмысын ұйымдастырудың өзге де мәселелері Комиссия төрағасы бекітетін регламентпен айқындалады.

3-тарау. Комиссия отырысының нәтижелерін ресімдеу тәртібі

25. Хаттаманы жұмыс органы өкілдерінің ішінен Комиссия хатшысы жүргізеді.

Хаттамаға Комиссия төрағасы, Комиссия хатшысы қол қояды.

26. Хаттамада:

отырыс орны мен күні;

қатысқан Комиссия мүшелерінің, шақырылған адамдардың (болған жағдайда), жұмыс органы өкілдерінің тізімі;

шағым берген өтініш берушінің атауы немесе тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес–сәйкестендіру нөмірі) (бұдан әрі – ЖСН (БСН));

шағым жасалған тексеру нәтижелері туралы хабарламаның нөмірі мен күні;

шағым жасалған хабарламаны шығарған мемлекеттік кірістер органының атауы;

қабылданған шешім көрсетіледі.

27. Комиссия отырысында екі және одан көп шағым бойынша мәселелер қаралған жағдайда әрбір шағым бойынша бөлек Хаттама ресімделеді.

28. Хаттама мен дауыс беру парақтары тиісті шағым материалдарына қоса тіркеледі

29. Егер Комиссия отырысы нәтижелері бойынша күн тәртібіне енгізілген шағымды қарауды келесі Комиссия отырысына ауыстыру туралы шешім қабылданған жағдайда, онда аталған шағым бойынша дауыс беру парақтары және Апелляциялық комиссия отырысының хаттамасы толтырылмайды.

4-тарау. Қорытынды ережелер

30. Кедендік реттеу туралы кодекстің 478-бабында және Салық кодексінің 194-бабында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган көрсетілген нормаларда көзделген мерзімдерде шағымдарды қараудан бас тартады.

Егер кедендік реттеу туралы Кодекстің 478-бабында және Салық кодексінің 194-бабында көзделген жағдайлар комиссия мүшелеріне шағым бойынша материалдар берілгеннен кейін орын алса, жұмыс органы бұл туралы өтініш берушіге шағымды қараудан бас тарту туралы хат жіберілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Комиссия мүшелеріне электрондық пошта арқылы хабарлайды.

31. Бұрын шағымдалған және ол бойынша шешім шығарылған тексеру нәтижелері туралы хабарламаға қайта шағым түскен кезде уәкілетті орган мұндай шағымды қараусыз қалдырады, сондай-ақ Комиссия отырысына шығармайды.

32. Егер өтініш беруші кедендік реттеу туралы кодекстің 476-бабының 5-тармағына және Салық кодексінің 192-бабының 5-тармағына сәйкес шағымды Комиссия мүшелерінің қарауы барысында кері қайтарып алған жағдайда, уәкілетті орган мұндай шағымды кері қайтарып алу туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Комиссия мүшелерін электрондық пошта арқылы хабардар ете отырып, қараусыз қалдырады.

33. Комиссия мүшелері өз функцияларын жүзеге асыру кезінде алған коммерциялық құпияны, қызметтік және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын ақпарат жария етілмейді.

34. Комиссияның шағымдарды қарау бойынша өз уәкілеттігін жүзеге асыруы кезінде оның қызметіне араласуға және Комиссия мүшелеріне қандай да бір ықпал жасауға тыйым салынады.

Тексеру нәтижелері туралы
хабарламаларға шағымдарды
қарау жөніндегі апелляциялық
комиссия туралы Ережеге
1—қосымша
Нысан

Күні _____

Апелляциялық комиссия мүшелерінің

ДАУЫС БЕРУ ПАРАҒЫ

— Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы _____ бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің _____ № _____ тексеру нәтижелері туралы хабарламасына _____ шағымы бойынша жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) _____

Мәселенің №	Мәселенің мазмұны	Апелляциялық комиссия мүшесінің шешімі	
		Қолдаймын	Қолдамаймын

Шағым жасалған мәселелерді қарау нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдаймын:

шағым жасалған тексеру нәтижелері туралы хабарлама өзгеріссіз, ал шағым қанағаттандырусыз қалдырылсын _____;

(Қолы)

шағым жасалған тексеру нәтижелері туралы хабарламаның күші толық жойылсын _____;

(Қолы)

шағым жасалған тексеру нәтижелері туралы хабарламаның _____ бөлігінде күші жойылсын _____.

(Қолы)

Ескертпе: тікелей Апелляциялық комиссия отырысының барысында толтырылады және дауыс беру нәтижелерін есепке алу үшін жұмыс органының қызметкерлеріне беріледі.

"Қолдаймын", "Қолдамаймын" деген бағандарда қабылдаған шешімін негізге ала отырып, қол қойылады.

Шағым жасалған мәселелерді қарау нәтижелері бойынша жоғарыда көрсетілген шешімдердің үш түрінің бірі қабылданады және тиісті жолға қол қойылады.

Тексеру нәтижелері туралы
хабарламаларға шағымдарды
қарау жөніндегі апелляциялық
комиссия туралы ережеге
2-қосымша
нысан

Апелляциялық комиссия отырысының

№ _____ хаттамасы

(орны)

(күні)

Апелляциялық комиссия төрағасы: (көрсетіледі)

Апелляциялық комиссия мүшелері: (тізімі көрсетіледі)

Апелляциялық комиссия хатшысы: (көрсетіледі)

Қатысқандар:

шақырылған адамдар (болған кезде): (тізімі көрсетіледі)

жұмыс органының өкілдері: (тізімі көрсетіледі)

шағымы

(шағым берген адамның аты, жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес–сәйкестендіру нөмірі), шағым жасалған тексеру нәтижелері туралы хабарламаның нөмірі мен күні, шағым жасалған

хабарламаны шығарған мемлекеттік кірістер органының атауы көрсетіледі)

Апелляциялық комиссия мүшелері шағым жасалған мәселелерді қарау нәтижелері бойынша мынадай шешімдер қабылдады:

шағым жасалған тексеру нәтижелері туралы хабарлама өзгеріссіз, ал шағым қанағаттандырусыз қалдырылсын

;

(органның және (немесе) ұйымның атауы көрсетіледі)

шағым жасалған тексеру нәтижелері туралы хабарламаның күші толық жойылсын

;

(органның және (немесе) ұйымның атауы көрсетіледі)

шағым жасалған тексеру нәтижелері туралы хабарлама

(органның және (немесе) ұйымның атауы көрсетіледі) бөлігінде күші жойылсын.

Дауыс беру қорытындысы бойынша мынадай ШЕШІМ қабылданды:

(қабылданған шешім көрсетіледі)

Апелляциялық комиссия төрағасы:

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Апелляциялық комиссия хатшысы:

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

2025 жылғы 24 қыркүйектегі

№ 529

бұйрығына 3- қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің күші жойылуы тиіс кейбір бұйрықтарының тізімі

1. "Тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымдарды қарау бойынша апелляциялық комиссия туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 12 қаңтардағы № 23 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16289 болып тіркелген);

2. "Тексеру нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға шағымдарды қарау бойынша апелляциялық комиссия туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 12 қаңтардағы № 23 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 1 маусымдағы № 551 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20811 болып тіркелген);

3. "Тексеру нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға шағымдарды қарау бойынша апелляциялық комиссия туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 12 қаңтардағы № 23 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 4 тамыздағы № 709 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21056 болып тіркелген);

4. "Тексеру нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға шағымдарды қарау бойынша апелляциялық комиссия туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 12 қаңтардағы № 23 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 9 сәуірдегі № 319 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22538 болып тіркелген);

5. "Тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымдарды қарау бойынша апелляциялық комиссия туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 12 қаңтардағы № 23 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 29 қыркүйектегі № 995 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24600 болып тіркелген).